

Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі N 250/7 қаулысы. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 қыркүйекте N 12-12-94 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 100/6 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 14.06.2016 № 100/6 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына және Павлодар облысы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы "Облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" N 20/2 қаулысының негізінде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3158 болып тіркелген), аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары жөндеу және пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын басқару бойынша өкілетті орган және баланс ұстаушы болып "Успен ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

3. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Х. Жанғазиновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Келісілді:

"Павлодар облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары"

басқармасының бастығы

26 шілде 2010 жыл

Н. Әутәліпов

А. Абдықалықов

Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

| N p/c | Индекс | Мекен жайы | Жол атауы | Жалпы ұзындығы (шм.) | Соның ішінде жабылған түрі бойынша (шм.) | | | Санаты бойынша (шм.) | | |
|----------|-------------|-----------------|---|----------------------------|---|--------------------|-----------|-------------------------|----|-------|
| | | | | | черное | Гравийнощебеночное | грунтовое | I | II | III |
| 1 | KS-US -1 | Успен ауданы | Богатырь - Қаратай | 23,3 | 5 | 18,3 | - | - | - | 23,5 |
| 2 | KS-US -2 | Успен ауданы | Рождественка - Павловка | 36 | 10 | 26 | - | - | - | 36 |
| 3 | KS-US -3 | Успен ауданы | Дмитриев ауылының кіре берісі | 12 | - | 12 | - | - | - | 12 |
| 4 | KS-US -4 | Успен ауданы | Луганск - Константинова | 21 | 21 | - | - | - | - | 21 |
| 5 | KS-US -5 | Успен ауданы | Тимирязев ауылының кіре берісі | 27 | - | 27 | - | - | - | 27 |
| 6 | KS-US -6 | Успен ауданы | Константинов ауылының кіре берісі | 5 | 5 | - | - | - | - | 5 |
| 7 | KS-US -7 | Успен ауданы | Успен ауылының солтүстік кіре берісі | 1 | 1 | - | - | - | - | 1 |
| 8 | KS-US -8 | Успен ауданы | Успен ауылының оңтүстік кіре берісі | 2,2 | 2,2 | - | - | - | - | 2,2 |
| ЖИЫНЫ | | | | 127,5 | 43,2 | 84,3 | | | | 127,5 |